

Р.С. Мырзабекова^{1}, М.С. Мырзабеков²*

*¹ т.ғ.к., профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті,
Алматы қ., Қазақстан,*

E-mail:myrzabekovaryskeldy@gmail.com

² т.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық университеті

Алматы қ., Қазақстан,

E-mail:moldahmet1964@gmail.com

АЛТЫН ОРДАНЫҢ САЯСИ ЖӘНЕ МӘДЕНИ ТАРИХЫНА ҚАТЫСТЫ БАТЫС ЕУРОПАЛЫҚ ДЕРЕКТЕР МЕН ЗЕРТТЕУЛЕР

Аңдатпа

Алтын Орда– Шығыс және Батыс елдері арасында халықаралық қатынастарды дамытуға, сауда және мәдени байланыстарды нығайтуға үлесін қосқан. ХІХ ғасырдың бірінші ширегінен бастап Алтын Орда тарихын әртүрлі елдердің ғалымдары зерттеп келеді және Алтын Орда тарихы негізінен шығыс деректерінің аясында зерттелгені көпшілікке аян. Алтын Орда тарихын зерттеуде батыс еуропалық деректер мен зерттеулердің өзіндік орны бар. Батыс деректерінен Алтын Орданың аумағы мен шекарасына, мемлекеттің атауына, қалаларына, мәдениетінің дамуына, сондай-ақ саяси тарихтың кейбір мәселелеріне қатысты түпнұсқалық пікірлерді кездестіруге болады. Атап айтқанда, Батыс Еуропалық деректер мен зерттеулерден Берке хан мен Бейбарс сұлтанның арасындағы мәдени және саяси байланыстар, Алтын Ордадағы ислам діні, Иран билеушілері Хулагуидтермен соғыс, Алтын Орда мен Египеттің одақтасуы туралы мәліметтерді жинақтауға болады. Алтын Орда мен Византияның арасындағы саяси, экономикалық байланыстар мен неке саясаты туралы мәліметтерді латын, түрік тіліндегі деректер мен зерттеулерден алуға болады.

Батыс деректері негізінде зерттеу бұл кезеңнің назардан тыс қалған тұстарын жаңа фактілермен толықтырады. Алтын Орда тарихына қатысты батыс деректері мен зерттеулері түпнұсқалық жаңа идеялар мен дискуссиялық сипаттағы пікірлерді бере алады, Алтын Орда тарихының мұрасын байытады.

Кілт сөздер: Алтын Орда, Батыс Еуропалық деректер, Мәмлүктер, Мысыр, Византия, Бейбарыс, крест жорықтары.

Р.С. Мырзабекова^{1}, М.С. Мырзабеков²*

*¹ к.и.н., профессор, Казахский Национальный университет им. Аль-Фараби,
г. Алматы, Казахстан,*

E-mail:myrzabekovaryskeldy@gmail.com

² к.и.н., ассоциированный профессор, Казахский Национальный Женский Педагогический университет г. Алматы, Казахстан,

E-mail:moldahmet1964@gmail.com

ЗАПАДНОЕВРОПЕЙСКИЕ ИСТОЧНИКИ И ИССЛЕДОВАНИЯ ПО ПОЛИТИЧЕСКОЙ И КУЛЬТУРНОЙ ИСТОРИИ ЗОЛОТОЙ ОРДЫ

Аннотация

Золотая Орда способствовала развитию международных отношений между странами Востока и Запада, укреплению торговых и культурных связей. С первой четверти ХІХ века история Золотой Орды изучается учеными разных стран, изучается преимущественно в контексте восточных источников. Западноевропейские источники и исследования также имеют свое место в изучении истории Золотой Орды. Из западных источников можно найти оригинальные данные о территории и границах Золотой Орды, названии государства, городов, развитии ее культуры, а также некоторые вопросы политической истории. В частности, из западноевропейских источников и исследований можно почерпнуть сведения о культурных и политических отношениях Беркехана и Бейбарыссултана, о исламской религии в Золотой Орде, о войне с иранскими правителями

Хулагуидами, о союзе между Золотой Ордой и Египта. Сведения о политических, экономических отношениях и брачной политике между Золотой Ордой и Византией можно найти из латинских и турецких источников и исследований.

Исследование, основанное на западных данных, добавляет новые факты к некоторым аспектам этого периода. Западные источники и историография, по истории Золотой Орды, могут дать оригинальные новые идеи и дискуссионные взгляды, обогащая наследие истории Золотой Орды.

Ключевые слова: Золотая Орда, западноевропейские источники, мамлюки, Египет, Византия, Бейбарыс, крестовые походы.

R.S. Myrzabekova^{1}, M.S. Myrzabekov²*

*¹ Candidate of Historical Sciences, Professor, Al-Farabi Kazakh National University,
Almaty, Kazakhstan,*

E-mail:myrzabekovaryskeldy@gmail.com

*² Candidate of Historical Sciences, associate professor, Kazakh National Women's Pedagogical
University, Almaty, Kazakhstan,*

E-mail:moldahmet1964@gmail.com

WESTERN EUROPEAN DATA AND RESEARCH ON THE POLITICAL AND CULTURAL HISTORY OF THE GOLDEN HORSE

Abstract

The Golden Horde contributed to the development of international relations between the countries of East and West, the strengthening of trade and cultural ties. Since the first quarter of the 19th century, the history of the Golden Horde has been studied by scientists from different countries, and for many it is obvious that the history of the Golden Horde is studied mainly in the context of Eastern sources. Western European sources also have their place in the study of the history of the Golden Horde. From Western sources, one can find original data on the territory and borders of the Golden Horde, the name of the state, cities, the development of its culture, as well as some issues of political history. In particular, from Western European sources and studies, one can draw information about the cultural and political relations between Berke Khan and Baibars Sultan, about the Islamic religion in the Golden Horde, about the war with the Iranian rulers of the Hulaguids, about the alliance between the Golden Horde and Egypt. Information about political, economic relations and marriage policy between the Golden Horde and Byzantium can be found from Latin and Turkish sources and studies.

A study based on Western data adds new facts to some aspects of this period. Western sources and historiography on the history of the Golden Horde can provide original new ideas and controversial views, enriching the heritage of the history of the Golden Horde.

Key words: Golden Horde, Western European sources, Mamluks, Egypt, Byzantium, Beibarys, crusades.

Кіріспе

Алтын Орда тарихына қатысты деректердің басым бөлігі араб, парсы, қытай, монғол деректері. Алтын Орда тек шығыс елдері ғана емес, батыс елдері тарихында елеулі із қалдырған еуразиялық мемлекет екенін ескерсек, батыс еуропалық деректер мен зерттеулердің құндылығы да жоғары.

Алтын Орданың саяси және мәдени тарихына қатысты батыс деректері мен зерттеулері XIII ғасырдың ортасынан бастап латын, грек, неміс, француз тілдерінде жазылды. Батыс Еуропалық деректер мен зерттеулерден Берке хан мен Бейбарыс сұлтанның арасындағы мәдени және саяси байланыстар, Алтын Ордадағы дін мәселесі, Хулагуидтермен соғыс, Алтын Орда мен мәмлүктердің байланыстары туралы мәліметтерді жинақтауға болады [1]. Латын, грек тілдеріндегі деректер мен зерттеулерден Алтын Орда мен Византияның арасындағы саяси, экономикалық байланыстар мен неке саясаты туралы мәліметтерді алуға болады.

Алтын Орда, Мәмлүктік Мысыр, Византияны кездестірген тағы бір оқиға – крест жорықтары. Мәмлүктіер тұрғанда, крестшілер жаулап алған жерлерінде түпкілікті бекіне алмайтынын түсініп, монғолдарды өзіне одақтас ретінде тартуға тырысты. Мысалы, 1245 жылы Рим Папасы Иннокентий Алтын Ордаға елші жіберіп, монғолдарды мәмлүктерге қарсы күреске пайдалануға ұмтылғаны туралы батыс деректерінде көрсетілген.

Алтын Орданың сауда байланыстары аз зерттелген мәселелер қатарына жатады. Алтын Орданың сауда байланыстарында шешуші орын алған Батыс Еуропалық екі мемлекет ретінде Венеция мен

Генуяны көрсетуге болады. XII ғасырдың екінші жартысынан бастап, Генуя және франк көпестері Қара теңізде сауда жасай бастады. 1204 жылы Византияны крестшілер жаулап алғаннан кейін венециялық көпестер де Қара теңізде сауда жасай бастады. XIII ғасырдың 60-шы жылдары халықаралық жағдайдың өзгеруіне байланысты одақтастық қатынастар да өзгерді. 1261-1263 жылдары мәмлүк сұлтаны мен Византия империясы және Алтын Орда арасында келісім жасалады. Берке ханның сұлтан Бейбарысқа келген алғашқы елшілігімен Византия, Генуя, селжүк мемлекетінің өкілдері де ілесіп келген,-деген мәлімет бар. Алтын Орда мен аталмыш мемлекеттер арасындағы келісім Венеция архивінде сақталған.

Мақсаты

XIII-XV ғасырлардағы Алтын Орданың саяси және мәдени байланыстарына қатысты Батыс Еуропалық деректер мен зерттеулердің сипатын көрсету.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу тақырыбы бойынша ақпарат әртүрлі дерек көздерінде және шашыраңқы. Сондықтан, деректі мұқият талдау, қолда бар басқа деректермен салыстыру үшін ғылыми-герменевтикалық әдіс пайдаланылады. Алтын Орда мен Батыс Еуропа елдерінің тарихындағы әртүрлі оқиғалар мен құбылыстарды бір мезгілде қарастыруға мүмкіндік беретін синхронды әдіс қолданылды. Бұл Алтын Орда саясатының дамуындағы ортақ және ерекше белгілерін көрсетуге, сондай-ақ, ортағасырлық державалардың өзара әрекеттесу мен өзара ықпал етудегі механизмдерін қарастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, хронологиялық, мазмұндық талдау, ресми құжаттарды зерттеуге қажетті жүйелік талдау, синтез және статистикалық әдістер қолданылады.

Крест жорықтары кезіндегі оқиғалар мен олардың салдарын түсінуге қосымша мәліметтер беретін салыстырмалы сараптамалық әдіс қолданылады.

Талқылау

Алтын Орда тарихы көптеген елдерде тұрақты түрде зерттеледі. Дегенмен, осы уақытқа дейін Алтын Орданың әлеуметтік-саяси тарихының қырларына баға бергенде қарама-қайшы пікірлерді кездестіруге болады.

Алтын Орда тарихына қатысты негізгі зерттеулер XX ғасырдың 50-ші жылдары жазылды. Бұл – Б.Д. Греков, А.Ю. Якубовскийдің [2], М.Г. Сафарғалиевтің [3], Г.А. Федоров-Давыдовтың [4], С.Закировтың еңбектері [5]. Бұл еңбектер араб, парсы деректері негізінде жазылған және Алтын Орда тарихын зерттеуде құндылығы сөзсіз жоғары.

Алтын Орда тарихының қазіргі тарихнамасына үлкен үлес қосқан Татарстан Республикасының ғалымдары. Олар Алтын Орда тарихының тарихнамалық мұрасын сыни көзқарастан өткізіп, іргелі еңбектер жазды. Татарстан ғалымдарының ішінде М.А. Усманов [6], И.М. Миргалеев [7] есімдерін атауға болады. Алтын Орда тарихын зерттеу орталығы ретінде Қазан қаласындағы Ш.Марджани атындағы тарих институты ғалымдарының іргелі еңбектерін көрсетеміз.

2000-шы жылдардан кейінгі Батыс Еуропа тарихнамасында крест жорығы кезеңіндегі Алтын Орда мен мәмлүктердің және Алтын Орда мен крестшілердің, соның ішінде Рим Папасы мен IX Людовиктің байланыстары туралы зерттеулерді кездестіруге болады. Мысалы, Т. Асбридж (*The Crusades: The Authoritative History of the War for the Holy*), К. Тайерман (*God's War: A New History of the Crusades*) - крест жорықтарының тарихи алғышарты мен себептерін, діни және саяси себептерді қарастырады. Еңбекте Салах ад-Дин және мәмлүктердің әскери стратегиясын, тактикасын сипаттап, крест жорықтары тарихына жаңа көзқарас ұсынған. Автор батыстық және шығыстық көзқарастарды, сондай-ақ осы қақтығыстарға әсер еткен әлеуметтік, саяси және діни факторларды талдай отырып, осы дәуір туралы жалпы контекст пен түсінік беруге тырысады. Еуропалықтардың жергілікті халықтармен, соның ішінде мұсылмандармен қарым-қатынасын талдайды. Крест жорықтарының діни және мәдени аспектілеріне ерекше назар аударады.

А. Реувен (*Mamluk Origins: An Historiographical Overview*) Бейбарыс сұлтанның өмірін, билігінің әртүрлі астарларын, әскери жетістіктерін, саяси реформаларын және крестшілер мен моңғолдар арасындағы теке-тіресті ерекше көрсеткен. Бейбарыс билігіндегі ислам дінінің орны және Алтын Ордамен байланыстарындағы діннің маңызын сипатталған.

У. Макдиси (*Artillery of Heaven*) - діни және мәдени ұстанымның Алтын Орда мен мәмлүк билеушілерінің арасындағы дипломатиялық байланыстарға әсерін зерттейді. Сонымен қатар, дін мен діл Сұлтан Бейбарыс пен франктердің байланысына қалай ықпал еткенін көрсете келе, тарихи оқиғаларды дін және мәдениет байланысы контекстінде қарастырады. Алтын Орда, Бейбарыс, IX Людовик арасындағы келіссөздер және қақтығыстар сипатталады.

П. Торнтон (*Sultan Baibars and the Crusaders*) мәмлүктер мен Жерорта теңізі, Таяу Шығыс арасындағы қақтығыс арқылы Алтын Орда билеушілерінің дипломатиялық байланыстарын

талдайды. Мәмлүктермен моңғолдардың және Алтын Орда мемлекетінің өзара әрекеттестігін, крест жорықтарының аймақтағы саяси, әлеуметтік және діни ахуалға әсерін сипаттайды.

Француз королі ІХ Людовиктің кеңесшісі, 1248-1254 жылдары болған жетінші крест жорығының куәгері және қатысушысы **Дж. Жоинвиль (Vie de Saint Louis) жылнамасы Алтын Орда мен Бейбарыстың байланысы туралы құнды мәліметтер бере алады және жылнама Сұлтан Бейбарыстың билік ету кезеңін қамтитын маңызды тарихи дереккөз болып табылады.** Ол соғыс қимылдары мен оқиғаларды, шайқастарды, мұсылмандармен келіссөздерді сипаттайды. Ислам дінінің Алтын Орда мен Бейбарыс байланысындағы маңызын зерттейді.

Дегенмен, қолжетімді Батыс Еуропалық деректер мен іргелі зерттеулер әлі күнге дейін бізде мардымсыз. Георгий Пахимердің орыс тіліне аударылған еңбегін [8], Францискан орденінің 2002 жылы аударылған мәліметі сияқты аздаған еңбектерді көрсетуге болады [9].

Нәтижелері.

Алтын Орда – Жошы ұлысының территориясында пайда болған ірі мемлекет. 1235 жылығы құрылтайда Батыс елдеріне жорық туралы шешім қабылданады. Бұл жорықтың нәтижесі сәтті болды және Алтын Орданың территориясы батыс бағытына қарай ұлғайып, Дунайға дейін созылды. Аумағы жағынан моңғол империясының ең ірі ұлысы болғандықтан, тарихшылар «Ұлық ұлыс» деп те атайды. Алтын Орда деген атау, орыс деректерінде XVI ғасырдың соңында пайда болды. Оған дейінгі деректерде Жошы ұлысы деп те аталып жүрді. Жалпы, деректерде «Алтын Орда мемлекеті» түсінігіне әртүрлі мағына береді. Бұған мемлекет территориясының үлкендігі, өзге елдермен салыстырғанда қуатты болуы, белсенді жаулап алушы соғыстары ықпал етуі мүмкін.

Алтын Орда тарихына қатысты Еуропа деректерін сараптайтын болсақ, мәліметтердің әртүрлі тіл мен мәдени дәстүрлер негізінде жазылғанын байқауға болады. Алтын Ордаға қатысты деректердің үш тобы бар: грек, латын және батыс еуропа тілдерінде жазылған деректер. Грек және латын тіліндегі деректер Византия дәуірін және хронологиялық жағынан V-XV ғасырлар аралығын қамтиды. Себебі, осы хронологиялық кезеңде Византия орталық еуразия кеңістігінен шыққан халықтармен байланыс орнатты [10].

Алтын Орданың XIII-XV ғасырлардағы саяси және мәдени тарихына қатысты батысеуропалық зерттеулер мен деректерді төмендегідей топтастыруға болады.

Бейбарс сұлтанның билігі кезеңіндегі Алтын Орда мен мәмлүктердің мәдени және саяси байланыстарына қатысты деректер мен зерттеулер.

Алтын Орданың саяси және экономикалық қуаты Берке мен Өзбек ханның билігі тұсында артты. Берке ханның билігі кезінде Алтын Орда мен Мысыр билеушісі сұлтан Бейбарыспен ынтымақтастық нығайды. 1262 жылы Алтын Орда ханы Берке Бейбарысқа достық қарым-қатынас ұсынып, елшілік жіберді. Осы жылдан кейін екі мемлекеттің арасында әскери, сауда, діни, мәдени байланыстар орын алды.

Бейбарыс – Мысырдағы мәмлүк мемлекетінің төртінші сұлтаны, ислам дінінің жанашыры және Таяу Шығыстан крестшілерді түпкілікті қуып шығу процесінде шешуші рөл атқарған тұлға болды. Ол моңғолдарға және еуропа христиандарына қарсы күресті. Бейбарыстың әсері жорықтарын зерттеген ағылшын ғалымы К.Хилленбранд, Бейбарыстың көптеген әскери жорықтарын, қорғаныс мақсатында болған жорықтар ретінде баға береді [11].

Бейбарыс тұлғасына қызығушылық танытқан келесі француз зерттеушісі Маалуф Аминнің Бейбарыстың әскери әрекеттеріне қатысты ұстанымы К.Хилленбранд пікірімен үндес. Автор былай деп жазады: «Франктер билікке келген сәттен бастап Бейбарыс, олардың ықпалын жою мақсатын көздеді. Бірақ, ол Акра франктері мен Антиохия франктерінің арасында айырмашылық жасады. Акра франктерін тек әлсіретуді көздесе, Антиохия франктерін моңғолдарға көмектескені үшін кінәлі», -деп есептеді [12]. Сондықтан, автор Бейбарыстың Антиохия билеушісі Боэмундқа қарсы әскери әрекетін – жазалау шарасы, - деп бағалайды. Пікірінің дәлелі ретінде, Антиохиядағы Боэмунд бекіністерінің Бейбарыс тарапынан қатал талқандалғанын көрсетеді.

Шетел тарихнамасы Алтын Орда тарихына XIII ғасырдың екінші жартысынан бастап назар аударып бастаған. Осы хронологияда крест жорықтары, Византиямен сауда байланыстары, Бейбарыс билігі кезінде Мысырмен мәдени және саяси байланыстар орын алды.

Шетел тарихнамасында Алтын Ордамен сауда мәселесінің кейбір астарлары неміс ғалымдары Б.Шпулер [13], Х.Хаусинг [14], В.Хейд [15], ағылшын ғалымдары Т.Олсен [16], Х. Лиу [17], француз ғалымы Дж. П. Роу [18], түрік ғалымы М. Кафалы [19] еңбектерінде зерттелген.

Моңғол тарихына қатысты іргелі зерттеу ретінде ағылшын ғалымы Ю.Филлипстің «Моңғолдар» монографиясын көрсету керек [20]. Монографияда Алтын Орданың ішкі, сыртқы байланыстары және мәмлүктермен байланысы баяндалады. Монографияда, Генуэз республикасын Сарайдың

стратегиялық әріптесі ретінде көрсетеді. Филлипп XIV ғасырдың екінші жартысында Алтын Орданың Шығыс Еуропада өз позицияларын жоғалтқаны туралы айтады. Оның көрсетуінше, Мәскеудің күшеюіне жол бермеу үшін Алтын Орда Литвамен одақтастыққа ұмтылған. Автордың көрсетуі бойынша Алтын Орданың ұлы билеушісі Тохтамыш (1380-1395). Тохтамыштың саяси билігі Балтық теңізінен Мысырға, Иранға дейін жалғасты. Польшамен, Литвамен, Мысыр мәмлүктерімен байланыс орнатты.

Алтын Орда туралы негізгі деректердің бірі ал-Калкашанди энциклопедиясы. 1879 жылы ал-Калкашанди еңбегін зерттеген неміс ғалымы Г.Ф. Вюстерфельд [21]. Еңбекте Алтын Орда мен Мәмлүктік Мысырды сауда әріптестер ретінде және әскери одақтастар ролінде зерттейді. Алтын Орда-Мәмлүк дипломатиялық байланыстарының жоғарғы шегін Өзбек ханның билігімен байланыстырады. Династиялық некелер туралы баяндайды.

Алтын Ордадағы этноконфессиялық байланыстарға қатысты деректер мен зерттеулер. Алтын Орда кең этноконфессиялық байланыстар аймағы болды. Әлемдік діндер – ислам, буддизм, және христиан діні пұтқа табынушылықтың әртүрлі формаларымен бірге өмір сүрді және өзара әрекеттесті. Дегенмен, Алтын Орда тарихындағы конфессиялық қатынастар соңғы кезде ғана арнайы зерттеу нысанына айналды.

Орта ғасырларда христиан шіркеуі Батыс Еуропа мемлекеттерінің әлеуметтік-экономикалық және саяси өмірінде маңызды рөл атқарды. Әртүрлі мемлекеттердің ішкі және сыртқы саясаттарына әсер етті. Түрлі әлеуметтік топтар мен тұтас өркениеттердің бұқаралық санасын, билеуші элитаның идеологиясын және жекелеген мемлекеттердің геосаяси көзқарастарын қалыптастырды. Христиан дінінің туы астында алыс аумақтарды жаулап алу мен сауда жолдары үшін жорықтар жасалды. Миссионерлік қызмет барлық жерде саудамен, өз мәдениетін таратумен, жақын және алыс этностарды өзінің саяси ықпалына бағындырумен байланысты болды. Мемлекеттер арасындағы дипломатиялық қарым-қатынасты немесе феодалдық қақтығыстарды тоқтату үшін дінді пайдалану тәжірибесі кеңінен тарады. Көбінесе шіркеу мен діни қатынастар жекелеген мемлекеттердің этникалық өзара әрекеттестігі мен геосаяси ұмтылысының көрсеткіші болды.

Алтын Ордадағы этноконфессиялық байланыстарға шетелдік зерттеушілер бірнеше рет назар аударған. XVIII ғасырдың ортасында деректердің үлкен көлемін келтіре отырып, моңғол мемлекетіндегі католик шіркеуінің тарихын зерттеген Д.Л. Мосгейм [22].

XX ғасырдан бастап Алтын Ордадағы католик діні туралы еңбектер жариялана бастады. Бұл еңбектерде Алтын Орда хандарының Рим папасы билігімен қарым-қатынасы, Алтын Ордадағы католик дінінің орны, католик шіркеуінің миссионерлік қызметі, Ватикан мен моңғол хандарының дипломатиялық байланыстары зерттелген. Хронологиялық ретпен көрсететін болсақ, XX ғасырдың басында жарық көрген зерттеу – католик тарихшыларының ұжымдық еңбегі [23].

Осы хронологияда жарық көрген келесі зерттеудің авторы – моңғол тарихы мен мәдениетінің белгілі зерттеушісі П. Пеллиот. Ол зерттеуінде XIII ғасырдың ортасындағы Алтын Орда хандарының папа билігімен қарым-қатынасына көңіл бөлген [24]. Жиырмасыншы жылдардың соңында Алтын Ордадағы католиктік миссионерлердің қызметін зерттеген Ван ден Вингер болды [25].

Келесі Ватикан мен христиандық Еуропаның моңғол мемлекеттерімен қарым-қатынасы туралы еңбектің авторы Г. Соранцо [26]. Автор Алтын Ордадағы католик дінінің орнын асыра көрсеткен. Алтын Ордадағы католик шіркеуінің миссионерлік қызметін деректер негізінде жазған келесі зерттеуші Р. Дж. Лоенертза [27].

XX ғасырдың 50-70 жылдары Алтын Ордадағы конфессиялық мәселелерге зерттеушілер қайта назар аудара бастады. Мысалы, К. Доусон, XIII-XIV ғасырлардағы Ватикан мен моңғол хандарының дипломатиялық байланыстарын зерттеді [28]. Э. Перро моңғол империясындағы католицизм мәселесіне тоқталды [29]. Дж. Ричард моңғол империясы мен Алтын Ордадағы католик миссионерлерінің іс-әрекетінің жекелеген тұстарын зерттеді [30]. Дж. Ричард – Г. Соранцо сияқты Алтын Орда тарихындағы католик шіркеуінің ролін жоғары бағалады. Католик тарихшысы Г. Федальто шығыстағы, оның ішінде Алтын Ордадағы католицизм тарихын зерттеді [31]. Ол бірқатар деректердің негізінде Алтын Орда территориясында католицизм кең таралған деген қорытындыға келді. Зерттеуші Алтын Ордадағы католиктік епархиялардың, миссиялардың және белгілі епископтардың тізімін жасады.

XIII-XIV ғасырлардың соңында жазылған дерек – «Кодекс Куманикус» [32]. Codex Cumanicus-ты қазіргі Қырым татарларының тіліне жақын тіл негізінде миссионерлер құрастырған. «Кодекстің» негізгі мақсатын зерттеушілер миссионерлердің Алтын Орда халқын католик дінімен таныстырумен байланыстырады. Кодекс қырым-татар тілінің ең көне ескерткіші болып саналады.

Біз үшін ол Алтын Ордадағы католицизмнің уағыздалуын көрсететін қыпшақ тіліндегі католиктік литургиялық мәтін үлгілерінің болуымен құнды.

Жалпы, шетелдік зерттеушілер католицизмнің Алтын Орда тарихындағы рөлін жоғары бағалаған.

Алтын Орда мен Еуропалық мемлекеттердің байланысына қатысты хроникалар.

Католик мемлекеттерінің Алтын Ордаға қатысты ұстанымын көрсететін құнды деректер қатарына еуропалық хроникалар жатады. Католик шіркеуінің миссионерлік қызметі туралы миссионерлердің папамен хат алмасулары, Рим папаларының Алтын Орда хандарымен және көшпелі ақсүйектер өкілдерімен хат алмасулары, Алтын Орда аумағында миссионерлік қызмет атқарған Францискан, Доминикан монастырлық ордендерінің құжаттары жатады.

Ортағасырлық папа мемлекеті мен Алтын Орда хандарының байланысын көрсететін қазіргі кезде қолжетімді дерек XVI ғасырда өмір сүрген католик тарихшысы О. Райнальдың «Шіркеу тарихының хроникасы» атты еңбегі [33]. Хроникада Рим Папасының, миссионерлердің Алтын Орда хандарымен байланысы көрсетілген. Хроникада Алтын Орда билеушілеріне Рим папаларының жіберген хаттарының мәтіні, соның ішінде Өзбек хан мен Рим Папасының арасында жазылған хаттар бар.

1245 жылы Лионда Папа IV Иннокентий «Татар халқы мен патшасына арналған булла» дайындады. Бұл булланы францискандық Иоанн де Пано Карпиниге жеткізу табысталды. Иоанн де Пано Карпини өз миссиясын «Тартарлар туралы кітап» деп атады [34]. Бұндай миссиялардың шынайы мақсаты көшпелі халықтар туралы мәлімет жинау және барлау жұмыстарын жүргізу болды.

Францискандықтар Еуропаға Моңғол империясының картасын әкелді. Кіші Азияда соғысып жатқан Еуропа мемлекеттері моңғол империясын одақтастыққа тартуға тырысты. Моңғолдармен одаққа француз корольдері қызығушылық танытты. Бұл мақсатты іске асыру үшін IX Людовик алтыншы крест жорығына қатысқан монах Гильом Рубрукты дипломатиялық миссиямен жіберді. Рубрук шығармалары көптеген еуропа тілдеріне аударылған [35]. Ең жақсы аударма В. Рокхиллдің аудармасы деп есептеледі [36].

Бізге XIII ғасырдың ортасында Алтын Орда хандарының ставкасына барған католик мемлекетінің елшілері А.Асцелин, П.Карпини, Г.Рубруктың жан-жақты есептері белгілі [37]. Бұл деректерде Алтын Орда хандарының Ватиканмен, православиялық және несториандық шіркеумен байланыстары көрсетілген. XIII-XIV ғасырлардағы католиктік миссионерлердің қызметтерін баяндаған, мазмұндық сипаты жағынан жылнамаға келетін келесі дерек – Марко Поло шығармасы [38]. Моңғол империясындағы христиан дініне қатысты кейбір мәселелер шығармада толық қанды сипатталған.

Батыс Еуропа тілдерінде жазылған Мэтью Пэристің XIII ғасырда жазылған «Үлкен Хроника» [39] және доминикандық француз Венсан де Бовенің «Спекулум хисториале» атты деректерін көрсетуге болады [40]. Деректерде моңғолдардың Еуропаға жорығы туралы айтылған.

XIII ғасырдың ортасында христиан мемлекеттері моңғол хандарымен байланыс орнатуға ұмтылды. Мысалы, Кіші Армян патшалығы, Антиохия князьдігінің моңғолдармен дипломатиялық байланыстары болды. IX Людовик те осы үлгі негізінде моңғол хандарымен мәмлүктерге қарсы одақ құруды армандады. Моңғолдар мен Батыс Еуропаның байланыстары крест жорықтары кезінде белсенді болды. Себебі, крест жорықтарына қатысқан Батыс Еуропаның билеушілері мәмлүктерге қарсы моңғолдарды өзіне одақтас ретінде тартуға тырысты. 1245 жылы Рим Папасы Иннокентий Алтын Ордаға елші жіберіп, моңғолдарды мәмлүктерге қарсы күреске пайдалануға ұмтылды.

1247 жылы Рим Папасынан моңғолдарға монах Асцелин басқарған екінші латын елшілігі келді. Рим Папасының елшіліктерді жіберудегі түпкі мақсаты – моңғолдардың көмегімен Латын империясын құтқару және герман императоры II Фридрихқа қарсы одақ құруды көздеген болатын.

1187 жылы Салах ад-Диннің арқасында Иерусалим қаласынан айырылған крестшілер моңғолдардың көмегіне тағы зәру болды. Себебі, жетінші крест жорығының көздеген нүктесі – мәмлүктік Мысыр еді. IV Иннокентий талабы бойынша жетінші крест жорығын француз королі IX Людовик ұйымдастырды. Мәмлүктерді моңғолдардың көмегінсіз жеңу мүмкін еместігін түсінген IX Людовик моңғолдармен дипломатиялық байланысын жандандырып, моңғол ханы Эльчидайдың елшілерін қабылдады. 1249 жылы монах Андрэ Лонжюмо басшылығымен өзі де елшілік жіберді. Дегенмен, IX Людовик, Таяу Шығыс пен Мысырдағы мұсылмандарға қарсы моңғолдармен крестшілердің бірлескен жорығы туралы келісімге қол жеткізе алмады. Моңғолдардың Ұлы ханы Күйік қайтыс болғаннан кейін, француздар мен моңғолдардың арасындағы келісім уақытша

өзектілігін жоғалтты. 1253 жылы Рубруктың басшылығымен моңғолдарға келесі елшілік жіберілді, бірақ, француз королінің моңғолдардан келетін көмек туралы үміті тағы іске аспады.

Батыс Еуропаның крестшілері мен моңғол хандарының мұсылмандарға қарсы дипломатиялық байланыстары өз деңгейінде іске аспағанымен, моңғол жерлеріне барған монахтар құнды хроникалар қалдырды. Олардың еңбектері батыс еуропалықтардың Орталық Азия туралы білімін кеңейтті. Мысалы, Рубруктың хроникасын батыс еуропалықтар «ортағасырдағы керемет географиялық шедевр» деп бағалады. Бұл хроника алғаш рет 1589 жылы латын тілінде жарыққа шықты.

Қорытынды.

Батыс Еуропа деректері мен зерттеулері мәмлүктік Мысыр және Византияның XIII-XV ғасырлардағы халықаралық байланысы арқылы, бұл мемлекеттердің саяси әлеуметтік және мәдени өміріндегі Алтын Орданың рөлін көрсетуге бағытталған. Сонымен қатар, бұл зерттеулер мен деректерде әскери одақтық байланыстар ғана емес, халықтар арасындағы мәдени ықпалдастықтың да орнын көрсетілген.

Сонымен қатар, батыс деректерінде Бейбарыс билігі туралы мәлімет көп. Себебі, төртінші крест жорықтарынан бастап, Бейбарыс Таяу Шығысты крестшілерден азат етуді ұйымдастырушы болды. Үш мемлекеттің әскери альянсы крест жорықтары кезінде белсенді әрекет етті.

Батыс деректерінің ғылыми маңыздылығын айқындайтын келесі фактор – крест жорықтары кезеңіндегі әскери аспект. Осы уақытқа дейін крест жорықтары батыс еуропалық құбылыс ретінде қарастырылып келеді. Шығыс деректері бұл әскери компанияның дәйекті тарихын ашпаған. XIV ғасырдағы барлық сәтті крест жорықтары моңғолдардың қатысуымен өтті. Батыс Еуропа мемлекеттері Сирия мен Мысырды жаулап алу үшін моңғолдармен одақ құруға ұмтылды. Осы оқиғалардың байланысын Батыс Еуропалық деректер мен зерттеулер негізінде айқындауға болады. Алтын Орда, Бейбарыс билігі кезіндегі Мысыр, Византия арасындағы мәдени-саяси қатынастарды батыс деректерімен толықтырудың теориялық және практикалық қажеттілігі маңызды. Себебі, Алтын Орда тарихына қатысты грек, латын, француз, неміс тіліндегі деректерді ғылыми айналымға қосу арқылы Алтын Орда тарихының мұрасы байытылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Holt P.M. *Early Mamluk diplomacy, 1260 – 1290: treaties of Baybars and Qalawun with Christian rulers* by P.M.Holt. – Leiden; New York; Köln: Brill. – 1995. – P. 150.; Joseph Hammer-Purgstahl. *Geschichte der Goldenen Horde in Kiptschak das ist: der Mongolen in Russland*. – Pest, 1840.
2. Греков Б.Д., Якубовский А.Ю. *Золотая Орда и ее падение*. – М.-Л., 1950.
3. Сафаргалиев М.Г. *Распад Золотой Орды*. – Саранск, 1960.
4. Федоров-Давыдов Г.А. *Кочевники Восточной Европы под властью золотоордынских ханов*. – М., 1966; Федоров-Давыдов Г.А. *Общественный строй Золотой Орды*. – М., 1973.
5. Закиров С. *Дипломатические отношения Золотой Орды с Египтом*. – М., 1966.
6. *Источниковедение истории Улуса Джучи (Золотой Орды): от Калки до Астрахани. 1223-1556 / Отв. ред. М.А. Усманов*. – Казань: Ин-т истории АН РТ, 2002. – 432 с.
7. *Золотоордынская цивилизация / Отв. ред. И.М. Миргалеев*. - Вып. 1. — Казань: Ин-т истории АН РТ, 2008. – 176 с.; *Золотоордынская цивилизация / Отв. ред. И.М. Миргалеев*. – Вып. 2. – Казань: Ин-т истории АН РТ, 2009. – 260 с.; *Золотоордынская цивилизация / Отв. ред. И.М. Миргалеев*. — Вып. 3. - Казань: Ин-т истории АН РТ, 2010. – 252 с.; *Золотоордынское наследие / Материалы Международной научной конференции «Политическая и социально-экономическая история Золотой Орды (XIII— XV вв.) / Отв. ред. И.М. Миргалеев*. – Вып. 1. – Казань: Фэн, 2009. – С. 526.
8. Пахимер Георгий. *Византийские историки, переведенные с греческого при Санктпетербургской духовной академии*. – СПб., 1862. Т.6. – 398 с.
9. *Христианский мир и «Великая Монгольская империя». Материалы Францисканской миссии 1245 года*. – СПб.: Евразия. – 2002. – 119 с.
10. Simon de Saint-Quentin. *Histoire des Tartares. Publiee par J.Richard*. — P., 1965. (*Documents relatifs an Fhistoire des croisades publies par l Accademie des Inscriptions et Belles-Lettres, VIII*). Simonut N.; Sinor D. *Inner Asia: History, Civilization, Languages. ASyllabus*. — Bloomington: Indiana University Press, 1969 (third reprinting-1987). – XXII. – 261 pp. (Uralic and Altaic Series-96).
11. Hillenbrand C. *The Crusades: Islamic Perspectives*. Edinburgh University Press, 1999. 687 p.
12. Maalouf Amin. *The Crusades through Arab Eyes*. New York: Schocken Books, 1984. P. 189.
13. Spuler B. *Die Goldene Horde. Die Mongolen in Russland, 1223-1502*. – Leipzig, 1943. – 556 s.

14. Haussig H. W. *İpek Yolu ve Orta Asya Kültür Tarihi* / Çev. M. Kayayerli. – İstanbul. – 2001. – 300 s.
15. Heyd W. *Yakin-dogu Ticaret Tarihi* / Çev.E.Z. Karal.– Ankara: TTK Basimevi, 1975. –647 s.
16. Alisen T.T. *Culture and Conquest in Mongol Eurasia II Cambridge Studies in Islamic Civilizations.* –Cambridge: Press Syndicate of the University of Cambridge, 2004. – 264 p.
17. Liu X. *The Silk Road in World History.*–N. –Y.: Oxford University Press, 2010.– 117 p.
18. Roux J.P. *Mogol imparatorlugu Tarihi* / Çev. A. Kazancigil, A. Bereket. — İstanbul: Kabalci Yayinevi, 2001. –608 s.
19. Kafali M. *Altın Orda Hanlığı'nin Kuruluş ve Yükseliş Devirleri.* - İstanbul: İ.Ü. Edebiyat Fakültesi Yayınları, 1976. – 169 s.
20. Phillips E.D. *The Mongols.* – London: Thames and Hudson,1969. - 208 p.
21. Wüsterfeld F. (Hrsg.) *Ibn Coteibas Handbuch der Geschichte.* - Göttingen, 1850.; Wüsterfeld F. (Hrsg.) *Yacuts geographisches Wörterbuch aus den Handschriften zu Berlin. Bde.I-VI.*– Leipzig, 1866-1873.
22. Mosheim J. L. *Historia Tartarorum Ecclesiastica* Helmstadt, 1741.
23. Eubel C., Van Gulik L., Schmitz Kallenberg P., Gauchat R., Serin. *Hierarchia Católica medii aevi. Monasterii.* T. I. 1898; T. II. 1914.
24. Pelliot P. *Chrétiens d'Asie Centrale et d'Extreme-Orient.*; Pelliot P. *Les Mongols et la Papauté // Extrait et la Revue de l'Orient Chrétien. 3-e Serie.* – T. III. (XXIII). –№ 1 et 2 (1922-1923). – Paris. – 1923.
25. Wan den Wingaert A. *Itinera et relationes fratrum Minorum saeculi XIII et XIV// Sinica Franciscana.* T. I. Quaracchi (Firenze). –1929.
26. Soranzo G. *Il Papato l'Europa Cristiana e i Tartari.* –Milano, 1930.
27. Loenertz R. J. *La société des Freres peregrinants. Etude sur l'Orient dominicain.* –T.I. Roma, 1937.
28. Dawson Chr. *The Mongol Mission (XIII-XIV c-ies).* –London,-N.Y., 1955.
29. Perroy E. *Le Moyen Age.L'expansion de l'Orient et la naissance de la civilisation occidentale. Histoire generale des civilisation.*–T.III. –Paris, 1961.
30. Richard J. *Les relations entre l'Orient et l'Occident au Moyen Age.* –London, 1977
31. Fedalto G. *La chiesa latina in Oriente.* –Verona. – T. I. 1973; –T. II. 1978.
32. Kuun G. Edited by G.Kuun with the prolegomena to the Codex Cumanicus by L. Ligeti.– Budapest,1981.
33. Baronii C. (Raynaldo O.) *Compendium annalium ecclesiasticorum.*Pragae, 1736; Baronio C. (Raynaldo O.) *Annales Ecclesiastici.* –T. III. Roma, 1748; –T. V. 1749; –T. VII. 1751; –T. VIII. 1752.
34. Beazley C.R. *The texts and versions of John de Plano Carpini and William de Rubruquis, as printed for the first time by Hakluyt in 1598 together with some shorter pieces.* – London, 1903.
35. Hezbst H. *Der Bericht des Franziskaners Wilhelmde Rubruk über seine Reise in das innere Asiens in den Jahren 1253-1255.* – Leipzig, 1925; Schmidt Fr.M. *Über Rubruk's Reise von 1253-1255 // Zeitschrift der Gesellschaft für Erdkunde zu Berlin, 1885.* –T. XX. –S. 217-255.
37. Путешествие Асцелина, монаха доминиканского ордена, которого папа Иннокентий IV посылал к татарам в 1247 году// Путешествия к Татарам. –СПб., 1825; Д.П.Карпини, Г.Рубрук. *Путешествие в восточные страны.* – М., 1957.
38. Марко Поло. *Книга Марко Поло.* –М., 1956.
39. *Matthew Paris Chronica majora.* Ungedruckte Anglo-Normannische Geschichtsquellen / Hrsg. F. Liebermann. – Strassburg, 1879. – P. 318-329.
40. Vincent de Beauvais. *Speculum historiale.* Apostolic Library of the Vatican// <https://www.cenl.org/library/the-vatican-library-biblioteca-apostolica-vaticana>

References:

1. Holt P.M. *Early Mamluk diplomacy, 1260 – 1290: treaties of Baybars and Qalawun with Christian rulers by P.M.Holt.* – Leiden; New York; Köln: Brill. – 1995. – P. 150.; Joseph Hammer-Purgstahl. *Geschichte der Goldenen Horde in Kiptschak das ist: der Mongolen in Russland.* – Pest, 1840.
2. Grekov B.D., Yakubovskiy A.YU. *Zolotaya Orda i yeye padeniye.* – М.-L.,1950.
3. Safargaliyev M.G. *Raspad Zolotoy Ordyy.* – Saransk, 1960.
4. Fedorov-Davydov G.A. *Kochevniki Vostochnoy Yevropy pod vlast'yu zolotoordynskikh khanov.* – М.,1966; Fedorov-Davydov G.A. *Obshchestvennyy stroy Zolotoy Ordyy.* – М.,1973.
5. Zakirov S. *Diplomaticheskiye otnosheniya Zolotoy Ordyy s Yegiptom.*–М.,1966.
6. *Istokhnikovedeniye istorii Ulusa Dzhuchi (Zolotoy Ordyy): ot Kalki do Astrakhani. 1223-1556 / Otv.red. M.A. Usmanov.* – Kazan': In-t istorii AN RT, 2002. – 432 S.

7. Zolotoordynskaya tsivilizatsiya / *Otv. red. I.M. Mirgaleyev. - Vyp. 1. — Kazan': In-t istorii AN RT, 2008. — 176 s.*; Zolotoordynskaya tsivilizatsiya / *Otv. red. I.M. Mirgaleyev. — Vyp. 2. — Kazan': In-t istorii AN RT, 2009. — 260 s.*; Zolotoordynskaya tsivilizatsiya / *Otv. red. I.M. Mirgaleyev. — Vyp. 3. - Kazan': In-t istorii AN RT, 2010. — 252 s.*; Zolotoordynskoye naslediye / *Materialy Mezhdunarodnoy nauchnoy konferentsii «Politicheskaya i sotsial'no-ekonomicheskaya istoriya Zolotoy Ordy (XIII— XV vv.) / Otv. red. I.M. Mirgaleyev. — Vyp. 1. — Kazan': Fen, 2009. — S. 526.*
8. Pakhimer Georgiy. *Vizantiyskiye istoriki, perevedennyye s grecheskogo pri sanktpeterburgskoy dukhovnoy akademii. — SPb., 1862. T.6. — 398 s.*
9. *Khristianskiy mir i «Velikaya Mongol'skaya imperiya». Materialy Frantsiskanskoy missii 1245 goda. — SPb.: Yevraziya. — 2002. — 119 s.*
10. *Simon de Saint-Quentin. Histoire des Tartares. Publiee par J.Richard. — P., 1965. (Documents relatifs an Fhistoire des croisades publies par l'Accademie des Inscriptions et Belles-Lettres, VIII). Simonut N.; Sinor D. Inner Asia: History, Civilization, Languages. ASyllabus. — Bloomington: Indiana University Press, 1969 (thirdreprinting-1987). — XXII. — 261 pp. (Uralic and Altaic Series-96).*
11. Hillenbrand C. *The Crusades: Islamic Perspectives. Edinburgh University Press, 1999. 687 p.*
12. Maalouf Amin. *The Crusades through Arab Eyes. New York: Schocken Books, 1984. P. 189.*
13. Spuler B. *Die Goldene Horde. Die Mongolen in Russland, 1223-1502. — Leipzig, 1943. — 556 s.*
14. Haussig H. *W. İpek Yolu ve Orta Asya Kültür Tarihi / Çev. M. Kayayerli. — İstanbul. — 2001. — 300 s.*
15. Heyd W. *Yakin-dogu Ticaret Tarihi / Çev.E.Z. Karal. — Ankara: TTK Basimevi, 1975. —647 s.*
16. Alisen T.T. *Culture and Conquest in Mongol Eurasia II Cambridge Studies in Islamic Civilizations. —Cambridge: Press Syndicate of the University of Cambridge, 2004. — 264 p.*
17. Liu X. *The Silk Road in World History.—N. —Y.: Oxford University Press, 2010.— 117 p.*
18. Roux J.P. *Mogol imparatorlugu Tarihi / Çev. A. Kazancigil, A. Bereket. — Istanbul: Kabalci Yayinevi, 2001. —608 s.*
19. Kafali M. *Altın Orda Hanligi'nin Kuruluş ve Yükseliş Devirleri. - Istanbul: İ.Ü. Edebiyat Fakültesi Yayınlan, 1976. — 169 s.*
20. Phillips E.D. *The Mongols. — London: Thames and Hudson, 1969. - 208 p.*
21. Wüsterfeld F. (Hrsg.) *Ibn Coteibas Handbuch der Geschichte. - Göttingen, 1850.; Wüsterfeld F. (Hrsg.) Yacuts geographisches Wörterbuch ausden Handschriften zu Berlin. Bde.I-VI.— Leipzig, 1866-1873.*
22. Mosheim J. L. *Historia Tartarorum Ecclesiastica Helmstadt, 1741.*
23. Eubel C., Van Gulik L., Schmitz Kallenberg P., Gauchat R., Serin. *Hierarchia Católica medii aevi. Monasterii. T. I. 1898; T. II. 1914.*
24. Pelliot P. *Chretiens d'Asie Centrale et d'Extreme-Orient.; Pelliot P. Les Mongols et la Papaute // Extrait et la Revue de l'Orient Chretien. 3-e Serie. — T. III. (XXIII). —№ 1 et 2 (1922-1923). — Paris. — 1923.*
25. Wan den Wingaert A. *Itinera et relationes fratrum Minorum saeculi XIII et XIV// Sínica Franciscana. T. I. Quaracchi (Firenze). —1929.*
26. Soranzo G. *Il Papato l'Europa Cristiana e i Tartari. —Milano, 1930.*
27. Loenertz R. J. *La société des Freres peregrinants. Etude sur l'Orient dominicin. —T.I. Roma, 1937.*
28. Dawson Chr. *The Mongol Mission (XIII-XIV c-ies). —London,-N.Y., 1955.*
29. Perroy E. *Le Moyen Age.L'expansion de l'Orient et la naissance de la civilisation occidentale. Histoire generale des civilisation.—T.III. —Paris, 1961.*
30. Richard J. *Les relations entre l'Orient et l'Occident au Moyen Age. —London, 1977*
31. Fedalto G. *La chiesa latina in Oriente. —Verona. — T. I. 1973; —T. II. 1978.*
32. Kuun G. Edited by G.Kuun with the prolegomena to the Codex Cumanicus by L. Ligeti.—Budapest, 1981.
33. Baronii C. (Raynaldo O.) *Compendium annalium ecclesiasticorum.Pragae, 1736; Baronio C. (Raynaldo O.) Annales Ecclesiastici. —T. III. Roma, 1748; —T. V. 1749; —T. VII. 1751; —T. VIII. 1752.*
34. Beazley C.R. *The texts and versions of John de Plano Carpini and William de Rubruquis, as printed for the first time by Hakluyt in 1598 together with some shorter pieces. — London, 1903.*
35. Hezbst H. *Der Bericht des Franziskaners Wilhelmde Rubruk uber seine Reise in das innere Asiens in den Jahren 1253-1255. —Leipzig, 1925; Schmidt Fr.M. Über Rubruk's Reise von 1253-1255 // Zeitschrift der Gesellschaft für Erdkunde zu Berlin, 1885. —T. XX. —S. 217-255.*
36. *The Journey of William of Rubruck to the Eastern parts of the World. By [William Woodville Rockhill](#).—Andesite Press, 2017 — 386 p.*

37. *Puteshestviye Astselina, monakha dominikanskogo ordena, kotorogo papa Innokentiy IV posylal k tataram v 1247 godu// Puteshestviya k Tataram. – SPb., 1825; D.P. Karpini, G. Rubruk. Puteshestviye v vostochnyye strany. – M., 1957.*

38. *Marko Polo. Kniga Marko Polo. – M., 1956.*

39. *Matthew Paris Chronica majora. Ungedruckte Anglo-Normannische Geschichtsquellen / Hrsg. F. Liebermann. – Strassburg, 1879. – P. 318-329.*

40. *Vincent de Beauvais. Speculum historiale. Apostolic Library of the Vatican//[https:// www.cenl.org/library/the-vatican-library-biblioteca-apostolica-vaticana](https://www.cenl.org/library/the-vatican-library-biblioteca-apostolica-vaticana)*